

Бүркіт ЫСҚАҚОВ.

Редақциядан: Өткен айда ғана 67 жасында Алматыда қайтыс болған марқұм Бүркіт ағамыз соңғы жылдарда Қазақ ССР Академиясының Мұхтар Әуезов атындағы тіл әдебиет институтының ғылыми қызметкері боп өлденеше жыл істеді. Ол филология ғылымдарының кандидаты еді.

Бүркіттің жастайынан өзіміздің Қазақ орта мектебінде жүргенде-ақ өлең шығаратынын нуралықтардың өзі құралпыл-астары түгелдей біледі. Ол Көкмөлдiрдiң тумасы. 1950-ші жылдарға дейiн республикалық газеттерде жауапты қызметтерде болды. Ал сол жылғы дүрбеленде жаламен нақақ 25 жылдық кесiммен айдалып кете берген. Ол елге тек 1955 жылы оралды. Бiз осы жолы ақынның былтырғы шыққан өзiндей үш ақынның бiрi болып, «Шындық дауысы» кiтабында басылған ол **сол** қиямет-қайымды жазған бiр топ өлеңдерiн, тек бiр ғана кейiн Нұраға арналған бiр өлеңiн қосып берiп отырмыз.Сол кiтаптың алғы сөзiн жазған жазушы, академик Мұхаметжан Қаратаев Бүркiт Ысқақовтың «Тас еденнiң ызғары өлеңдер циклiнiң қазақ поэзиясынан алатын орны ерекше. Оның бұл өлеңдерiнен Сәкеннiң сыры, Бейiмбеттiң мұңы, Илиястың үнi естiлгендей болады»,— деп ризалана жоғары бағалапты. Ендi солардың бiразын оқыңыздар.

Қош, Алматым!

Кош, Алматым, алтын тулы астанам.
Аттандым мен алыс ауыр сапарға,
Мен едiм ғой сенiң албырт жас балаң,
Тәрбиелеп қосқан өзiң қатарға.
Жастыққа тән аңғал, ашық көңiлмен,
Келгенiмде арсалаңдап алдыңа.
Таныстырдың қатал ащы өмiрмен,
Салдың отқа,салдың темiр талқыға.
Ақыл айтып, бiлiм берiп сен маған,
Улы өмiрге аштың анық көзiмдi.
Сенiң үлкен кең залыңнан қармағам
Терең ой мен жоғары ыстық сезiмдi.
Тартып талай сенде сүю күйiгiн,
Махаббатпен жүрегiмдi жандырдым,
Сол кездегi жас жүректiң сүюiн
Қызыл гүл ғып бақтарыңда қалдырдым.
Тербеледi күндей қызыл байрағың,
Жел соға ма, әлде самал есе ме...
Ол—тү емес, менiң жастық қайратым,

Өзіміздің туыстан

-Қылмыс етіп Қиқымов,
Қыр соңымнан қалмады,
Аңдып жүріп Сиқымов
Ақырында қармады.
Жоқтан бар ғып Жамауов,
Бір пәлені байлады.
Үкім етіп Танауов,
Жиырма беске айдады.
Айтсам егер шындықты,
Ей, ағайын, туысқан,
Көрдiм, қорлық сұмдықты,
Өзіміздің туыстан!

Жұртыма деген махаббат

Аз болғандай бір менің
Басым тұтқын бұғауы,
Әйнегіне түрменің,
Түсті қыстың қырауы.
Соқса қарлы мұздарын,
Сыртта боран талмастан.
Тас еденнің ызғары
Өтеді әбден жамбастан.
Батса да ызғар денеме,
Соқса да боран доддана,
Ойламаймын дәнеңе,
Жасымаймын сонда да

Жалау етіп қадап кеткен кешеңе.
Таң алдында сайрар бұлбұл бақшада,
Аңсап оның шешек атар гүлдерін.
Қалды дей бер менің жырым нақ сонда,
Қалды дей бер менің сонда— үндерім.
Көз жасымда аққан талай жазықсыз,
Бұлақ етіп арығыңды ағыздым.
Жас денемнен шыққан қаңды парықсыз,
Тас көшеңе тамшылатып тамыздым.
Асыл арман, ғажап қиял мендегі,
Қанат берген ұшқыр, отты өлеңге.
Менімен қос бірге айдалып келмеді,
Ақша бұлт боп қалды сенің төбеңде.
Қалды бәрі— бақыт,байлық,дәреже.
Жарым, балам, достарым да сүйікті.
Өзімменен алмадым мен дәнеңе,
Ала кеттім тек үміт пен күйікті.
Қош, Алматым, алтын тулы астанам.
Аттандым мен алыс ауыр сапарға.
Қайда жүрсем сені есімнен тастамақ,
Қосылармын ие қосылман қатарға.

Кірмейді суық ойыма,
Соқса да боран қаталап,
Жылылық бар
Жұртыма деген махаббат.
Еркін жүріп, ен жайлап,
Ел қадірін білмеппіз.
Көбелей көшіп, кең жайлап,
Жер қадірін білмеппіз.
Көргендіктен күн сайын,
Күн қадірін білмеппіз.
Болғандықтан әрдайым,
Түн қадірін білмеппіз.
Қампыип қарын тойған соң,
Ас қадірін білмеппіз.
Телегей-теңіз болған соң,
Дос қадірін білмеппіз.
Толықсып жанда жатқан соң,
Жар қадірін білмеппіз.
Бейнетсіз оңай тапқан соң,
Мал қадірін білмеппіз.
Енді олардың қадірін,
Қалдым аздап біліп те.
Көру бейнет ауырын,
Мектеп екен жігітке!**!**

Қастарыңда жүргенде,

Қадіріңді білмеппін.

Аз күн ойнап-күлгенге,

«Мәңгілік бірге жүр» деппін.

Шолақ ойдан шорт мінез,

Шығып кету— жеңіл-ді,

Болып кейде бойкүйез,

Қалдырыстық көңілді.

Болды тіпті күніміз,

Шекелескен, шекіскен.

Оттай шарпып тіліміз,

Түбімізге жеткізген.

Ұят та болса бұл шын сыр,

Жасырайын несіне?

Екен бәрі— бос былшыл,

Алсам енді есіме.

Кездессе егер әл бүгін,

Бәрі ыстық шетінен.

Құшақтар ем барлығын,

Өбер ем бәрін бетінен.

Қинайды солар жанымды..

Ойлаймын анамды,

Ойлаймын жарымды,

Ойлаймын баламды,

Қинайды солар жанымды.

Ата-анамның менен де,

Бар еді басқа баласы.

Келмеймін бе келем бе,

Емес-ті маған тым зәру.

Жарым да қалмас далада,

Ауылда көп ед жігіттер.

Қосылар бір адамға

Болса өзі үміткер.

Балама менің бірақта,

Әке қайдан табылар?

Аумаған өзім сияқты,

Жүрегі бар, жаны бар.

Анада болар бірнеше ұл,

Бірнеше еркек әйелде.

Екі әкесі болған бір

Баланы көрдің қай елде?

Рас, қамқоры бар өкімет,

Бар қоғамдық мекеме.

Біраң, достар, ғафу ет,

Әкеге олар жете ме?

Жүргенде өзім қамшы жеп,

Артымда қалған балақан.

«Әкешім мені алшы» деп

Жайғандай маған алақан.

Қамқорлық жасар аталық,

іБолмай ешбір дәрменім.

Қасірет қайғы қапалық,

Көз жасым— әлім келгенім.

Жарыма хат

Жапанда жалғыз жабығып,

Қалды алыста жан жарым.

Қайран Нұра

Паспорт пенен партбилеттен айрылып,

Жатқан кезде қос қанаттан айрылып,

Бүкіл Нұра аяғынан тік тұрды,

Бүкіл Нұра аза шекті қайғырып,

Әкем келді сүйретіп,қу сүйегің,

Жеңем жетті кемсең билеп иегін.

Ұшты жарым сонау шалғай қиырдан,

Қос қолына қысып алып жүрегін.

Шапты достар көмек сұрап «қайдалап»

Осы сәтте тұрған жан жоқ жай қарап.

«Кеуделесе» Аққошқар мен Құдыман,

Дәулетбек пен Жүсіптер жүр «майдалап»

Қалдырмаймын десіп мені қапаста,

Ұшты Айжан, ұшты Махмет, Қапаш та,

«Ақырғы осы болсын» дегендей,

Жан жарымды сағынып,

Қапаста қажып зарладым.

Менің тартқан азабым,

Жаныңа оның өтер ме?

Жалыннан ыссы ғазалым

Жарыма жақын жете ме?

Қанғылы халін жарымның,

Қалқашым, сіра, біле ме?

Тұншығып шыққан зарының

Үніне құлақ түре ме?

Суытып әлде жүрегін,

Үзді ме менен үмітті?

Басқаға арнап тілегін

Тапты ма басқа жігітті?

Айтпайды ешкім хабарын,

Жазбайды оны өзі де.

Құлақ тосам сазарың.

Көрінгеннің сөзіне.

Жүгірген аң, ұшқан құс,

Аққан өзен, ескен жел,

Жарыма сәлем алып ұш,

Жарыма менен хабар бер.

Арман

Жоғалттым, достар, бүгін мен,

Қолдағы ырыс, байлықты.

Оларға бірақ өкінбен,

Байлықтан жүрек шайлықты.

Жоғалттым, достар, бүгін мен,

Дәреже: қызмет мансапты.

Оған да бірақ өкінбен,
Ақымақ боп оны аңсаппын.
Жоғалттым, достар, бүгін мен
Абырой, бедел, атақты,
Оған да енді өкінбен,
Нахақтан көрген шатақты.
Өкінем тек қалғанға,
Азаттықтан айрылып,
Сол үшін мен арманда,

Сол үшін жүрмін қайғырып.

Болар бірақ бір реті...

Үш жыл болды жігіттер,

Отырғалы тұтқынға.

Ұшты талай үміттер,

Жолдас болғам тұтқынға.

Үш жыл болды ағайын,

Жай болғалы абақты.

Сыннан өттің талайың,

Талайың бердің сабақты.

Үмітің де үзілді.

Көрмегелі, жүзіңді.

Мүмкін сен де шаршадың,

Үмітің де үзілді.

Алда әлі жиырма екі,

Көз жетпейді шетіне.

Болар бірақ бір реті,

Бекіне, түс, бекіне!

Анадайларды сайлап қойған «запасқа».

Қарындасым қайғырды, ол да егіліп,

Келінім түр көзден моншақ төгіліп.

Айтшы Нұра, сонша саған кім едім,

Қиналғандай сан қабырға сөгіліп?

Сонша кім ем? Кімге ана дәрімін.

" Емеспін де бір керемет нәніңмін.

Бар болғаны—топырағыңда туыппын,

Бар болғаны— жалғыз тамшы қаныңмын .

Тек сол үшін жүрсiңдер ғой күйiнiп,

Жатырсыңдар, жабырласып, үйiлiп.

Тек сол үшiн тәуекелге бел байлап,

Алыпсыңдар тас түйнектер түйiлiп.

Қайран Нұра, қайран атамекеңiм.

Жүрегiмдi жұлсам да аздаық етермiн.

Топырағыңнан айналайын туған жер,

Еңбегiңдi қашан ғана өтермiн.